

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 303 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 447-құжат; 2001 ж., № 23, 309, 321-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 15, 63-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 17-18, 114-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 21-құжат; № 14, 92, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 123-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 19-I, 100, 101-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 60-құжат):

1) 13-баптың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы жүзеге асыратын тасымалдау кезінде, әуе көлігін қоспағанда, көліктің барлық түрлерінде 7 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға билетті оның толық құнының 50 процентін төлей отырып сатып алуға;"

2) 24-1-баптың 9-тармағы алып тасталсын.

2. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжат; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-I, 60-құжат; № 24,124-құжат):

1) мазмұнында:

9-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), оны Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау";

88-5-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"88-5-бап. Теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылық жағдайы туралы жеткізілетін бастапқы хабарламаның, анықталған бұзушылықты жоюға нұсқаманың нысандары";

мынадай мазмұндағы 10-2-тараудың және 88-6, 88-7-баптардың тақырыбымен толықтырылсын:

"10-2-тарау. Қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру

88-6-бап. Қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру

88-7-бап. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл";

2) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) авария – нәтижесінде адам ауыр дене зақымдарын алған немесе күрделі жөндеу жұмыстары көлемінде теміржол жылжымалы құрамы, арнайы жылжымалы құрам зақымданған магистральдық, станциялық, кірме жолдардағы немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдарындағы теміржол жылжымалы құрамының, арнайы жылжымалы құрамның соқтығысу, шығып кету оқиғалары";

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) алушы – багажды, жүк-багажды немесе пошта жөнелтілімдерін алатын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға";

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) жылжымалы құрам – жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін теміржолдармен тасымалдауға арналған тартқыш көлік құралдары (локомотивтер), вагондар, өздігінен жүретін және өзге де теміржол көлік құралдары, сондай-ақ арнайы жылжымалы құрам;"

мынадай мазмұндағы 30-1) тармақшамен толықтырылсын:

"30-1) апат – нәтижесінде адам қаза болған немесе мұкаммалдан шығарып тасталатын дәрежеге дейін теміржол жылжымалы құрамының, арнайы жылжымалы құрамның зақымданған магистральдық, станциялық, кірме жолдардағы немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдарындағы теміржол жылжымалы құрамының, арнайы жылжымалы құрамның соқтығысу, шығып кету оқиғалары;"

32-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"32-1) қауіпсіздікті басқару жүйесі – операцияларды жоспарлау, дайындау және орындау, мониторинг және бақылау, талдау жасау процестерін қамтитын және тасымалдау процесінің қауіпсіздігі жөнінде белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге және адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру, тасымалдау процесіне қатысушылар мен үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіру қатерін азайтуға бағытталған, тасымалдаушыны басқарудың өзара байланысты және өзара әрекеттесетін құрамбөліктерінің жиынтығы;"

мынадай мазмұндағы 32-3) тармақшамен толықтырылсын:

"32-3) қауіпсіздік сертификаты – тасымалдаушының қауіпсіздікті басқару жүйесінің Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкестігін куәландыратын құжат;"

54) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"54) тасымалдау процесіне қатысушы – тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді пайдаланушы, тасымалдаушы, Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотивтік тартқыш операторы, вагондар (контейнерлер) операторы, тармақ иеленуші, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша, оның ішінде концессия шарттары бойынша теміржолдар иесі;"

3) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), оны Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау

Жылжымалы құрам және жылжымалы құрамның кепілі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен міндетті мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) жатады.

Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

Мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткен жылжымалы құрам Мемлекеттік жылжымалы құрам тізіліміне енгізілуге жатады. Жылжымалы құрамды Мемлекеттік

тізілімнен алып тастау Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

4) 14-баптың 2-тармағында:

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) жылжымалы құрам қызметінің мерзімін ұзарту қағидаларын бекіту;"

31) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"31) Қазақстан Республикасының теміржол көлігіндегі апаттарды және аварияларды тергеп-тексеруді жүргізу;"

34-15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"34-15) теміржол көлігімен жолаушыларды, багажды, және жүк-багажды тасымалдау қағидаларын бекіту;"

мынадай мазмұндағы 34-31), 34-32), 34-33) және 34-34) тармақшалармен толықтырылсын:

"34-31) қауіпсіздік сертификатын беру;

34-32) теміржол көлігімен жүктерді және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларын бекіту;

34-33) теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту;"

34-34) қауіпсіздік сертификатының нысанын бекіту;"

5) 32-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тасымалдаушылар қауіпсіздікті басқару жүйесін әзірлеуге және енгізуге міндетті, оған қойылатын талаптар Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында айқындалады.

Тасымалдаушының қауіпсіздікті басқару жүйесінің аудитін тасымалдаушының өтініші бойынша Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган жүргізеді.

Қауіпсіздік сертификатын беру тәртібі мен мерзімі Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленеді.";

6) 88-4-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) әкімшілік құқық бұзушылықтардың жасалу фактілерін және көліктік бақылау органдары қызметкерлерінің әрекеттерін тіркеу үшін техникалық құралдарды уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен пайдалануға;"

7) 88-5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"88-5-бап. Теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылық жағдайы туралы жеткізілетін бастапқы хабарламаның, анықталған бұзушылықты жоюға нұсқаманың нысандары

Теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылық жағдайы туралы жеткізілетін бастапқы хабарламаның, анықталған бұзушылықты жоюға нұсқаманың нысандарын уәкілетті орган белгілейді.";

8) мынадай мазмұндағы 10-2-тараумен толықтырылсын:

"10-2-тарау. Қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру

88-6-бап. Қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру

1. Теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігінің бұзушылықтары Теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігі бұзушылықтарын тергеп-тексеру қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде міндетті түрде тергеп-тексеруге жатады. Теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігінің бұзушылықтарына апаттар, авариялар, оқиғалар және инциденттер жатады.

2. Тергеп-тексерудің мақсаты қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылық себептерін және (немесе) ілеспе факторларын анықтау, болашақта қозғалыс қауіпсіздігі бұзушылықтарын болдырмау жөнінде ұсынымдар әзірлеу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

3. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеруді уәкілетті орган құратын комиссия жүзеге асырады. Комиссияның құрамына тасымалдау процесіне қатысушылар енгізілуі мүмкін.

Оқиғаларды және инциденттерді тасымалдау процесінің қатысушылары тергеп-тексереді.

4. Жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар жүргізілетін тергеп-тексеруге қатысы бар ақпаратты және (немесе) құжаттаманы аварияларды және апаттарды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның сұрау салуы бойынша табыс етуге міндетті.

5. Апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру Қазақстан Республикасының құқық қорғау, арнаулы және өзге де мемлекеттік органдары жүргізетін тергеп-тексерулерден тәуелсіз болып табылады.

88-7-бап. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл

1. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамында апаттар мен аварияларды тергеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тапсырылған уәкілетті органның лауазымды адамы болып табылады.

2. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл апатты және аварияларды тергеп-тексеру процесінде, сондай-ақ апат және авариялар болған жерде онымен байланысты барлық аспектілерді жоспарлайды, ұйымдастырады, жүргізеді және үйлестіреді.

3. Тергеп-тексеруді жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделгеннен басқа жағдайларда, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, басқа да мемлекеттік органдардың тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдің қызметіне араласуына жол берілмейді.

4. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл:

1) тергеп-тексеру жүргізудің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ тергеп-тексеруге қатысты дәлелдемелердің жоғалуын немесе өзгертілуін болғызбау үшін басқа мемлекеттік органдардың уәкілдерімен өзара іс-қимыл жоспарын жасауға;

2) апат және авариялар болған жерге және теміржол жылжымалы құрамын пайдаланумен, оған қызмет көрсетуге және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тартылған персоналға байланысты барлық құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге, апаттың және авариялардың туындауына себепші болып табылатын немесе септігін тигізуі, әсер етуі мүмкін оқиға орындарын, объектілер мен сынықтарды, қосалқы бөлшектерді және кез келген басқа да объектілерді қарап тексеруді және одан әрі зерттеуді жүргізуге;

3) объективтік бақылау аспаптарының немесе теміржол жылжымалы құрамындағы ақпарат жеткізгіш кез келген басқа да құрылғының, сондай-ақ қозғалысқа қызмет көрсететін техникалық құралдар жазбаларының деректерін іздестіру, қалпына келтіру, шығарып алу, оқу кезінде үйлестіруді және алынған деректердің сақталуына толық бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Объективтік бақылау немесе ақпарат жеткізгіштің кез келген басқа да құрылғысының жазбаларын шығарып алу және оқу Қазақстан Республикасындағы тиісті құралдар пайдаланыла отырып, қандай да бір кідіріссіз жүргізілуге тиіс;

4) көзімен көргендерден, персоналдан және апатқа және аварияларға қатысы бар басқа да адамдардан сұрауға, қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтың себептерін және (немесе) ілеспе факторларды анықтау үшін қажетті зерттеулер мен сынақтар жүргізуді тағайындауға;

5) сарапшыларды жұмысқа тартуға, олардың апаттарды және аварияларды тергеп-тексеруге қатысты есептерін сұратуға;

б) теміржол жылжымалы құрамының меншік иелерінің келісімі бойынша апат және авариялар болған жерге жүру жолында жолаушылар вагонында немесе локомотивте болуға құқылы.

5. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген, апатты және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындауға;

3) апат және авариялар болған жерге келуге, қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеруді ұйымдастыру мен жүргізуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген нысан бойынша апатты және аварияларды тергеп-тексеруді ұйымдастыруға және жүргізуге өкілеттіктер беретін куәлігінің болуы;

5) кәсіби деңгейін және біліктілігін қалыпты ұстау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оқудан өтуге міндетті."

3. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат;

2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 19-I, 100-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат):

1) мазмұнында:

мынадай мазмұндағы 2-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"2-1-бап. Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) қарарларын және ұсынымдарын қолдану";

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Теңіз портындағы және теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау және қадағалау";

41-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"41-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелерге бақылау жасау және оларды қадағалау";

мынадай мазмұндағы 7-1-тараудың және 44-1, 44-2-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"7-1-тарау. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру

44-1-бап. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру

44-2-бап. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл";

2) 1-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) авариялық жағдай – кемеңің апатқа ұшырауына және теңізде жүзу сапасын ішінара немесе толық жоғалтуына (айырылуына) кемеңің басқа кемеңі (кемелерді), навигациялық жабдық құралдарын, жағалау құрылыстарын зақымдауына, кемеңің тіркеп сүйреткен объектісін жоғалтуына немесе зақымдауына, адамның қаза болуына немесе денсаулығына зиян келтіруге, кемеден адамның жоғалуына, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соқтырған оқиға";

3) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) қарарларын және ұсынымдарын қолдану

Қазақстан Республикасының аумағында Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) қарарларын және ұсынымдарын қолдану сауда мақсатында теңізде жүзу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, оған қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу не онда Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) нақты қарарлары мен ұсынымдарын қолдану жөніндегі сілтемелерді көрсету арқылы жүзеге асырылады.";

4) 4-бапта:

3-тармақта:

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің каботажды жүзеге асыруына рұқсаттар беру;"

мынадай мазмұндағы 49-1) тармақшамен толықтырылсын:

"49-1) кемелерді өлшеу қағидаларын бекіту;"

55-6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"55-6) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кеменің каботажды жүзеге асыруына рұқсаттар беру тәртібін бекіту;"

мынадай мазмұндағы 55-39) және 55-40) тармақшалармен толықтырылсын:

"55-39) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кемелерден ластануды болдырмау жөніндегі қағидаларды бекіту;

55-40) басқа мемлекеттердің аумағында кемелердің авариялық жағдайларын тергеп-тексеруге қатысу;"

5) 5-1-бап алып тасталсын;

6) 8-3-бап мынадай мазмұндағы 8 және 9-тармақтармен толықтырылсын:

"8. Шағын көлемді кемелерді қарап тексеру шағын көлемді кеменің (оның мемлекеттік тіркелген орнына қарамастан) және кеме жүргізушілердің шағын көлемді кемелерді қауіпсіз пайдалануын регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі. Шағын көлемді кемелерді қарап тексеру шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушісінің қатысуымен тұрақта да, қозғалыс кезінде де жүргізілуі мүмкін.

Шағын көлемді кемелерді қарап тексеру кемені пайдалану ауданы мұздан тазартылғаннан кейін жүргізіледі.

Шағын көлемді кемелерді бақылап, қарап тексеру кемені пайдалану кезеңіне екі айда бір реттен жиі емес немесе көлік оқиғасы болған кезде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда жүргізіледі.

9. Шағын көлемді кемелерді қарап тексеру кезінде:

1) кеме билеті;

2) шағын көлемді кемені басқару құқығына куәлік – өздігінен жүзетін шағын көлемді кемелер үшін;

3) техникалық куәландырудан өтуі – шағын көлемді кемелер үшін;

4) жолаушылар сыйымдылығы және жүккөтергіштігі нормаларын, жүзу ауданы мен шарттары бойынша шектеулерді, шағын көлемді кемеде жолаушылар мен жүктердің дұрыс орналастырылуын сақтау;

5) құтқару, өртке қарсы және су төгетін құралдарының болуы;

6) борттарда тіркеу нөмірінің болуы;

7) орналасқан орнына қарамастан кеме корпусының өтпелі ойығының болмауы, кеменің гермобөлімдері және (немесе) әуе жәшіктерінің болмауы немесе ашылып кетуі;

8) рөлдік құрылғыны бекіту бөлшектерінің көзделген конструкциясының болуы немесе оның құрамдас бөлшектерінің бұзылуы немесе оның жұмысының сенімділігін қамтамасыз етпеуі;

9) отын ағуының, дірілдеудің болмауы, қозғалтқышты қашықтықтан басқару жүйесінің бұзылуы, дыбыс бәсеңдеткіштің болуы және ақаусыз болуы, реверс-редуктордың сенімді қосылуын (сөндірілуін) қамтамасыз етуі, реверс қосылған кезде қозғалтқышты (моторды) қосу бұғаттауышының ақаусыз болуы;

10) кеменің жиынтықталымы мен жабдықтарының кеме типіне сәйкес болуы;

11) ерекшілік оттарының болуы, ақаусыз және сәйкес болуы;

12) кеменің белгіленген класына сәйкес келетін бассейндерде (аудандарда) кеменің пайдаланылуы;

13) рөлдік, сигналдық, зәкірлік және арқандап байлау құрылғыларының болуы және ақаусыздығы;

14) орнатылған қозғалтқыштың ең жоғарғы қуатының сәйкестігі тексерілуге жатады

Шағын көлемді кемені қарап тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы шағын көлемді кеменің атауын (нөмірін) және тіркеу нөмірін, кеме иесін (кеме жүргізушісін), қарап тексеру күнін, айын, жылын көрсете отырып, шағын көлемді кемені қарап тексеру актісін жасайды. Заңнаманы бұзушылық анықталған жағдайда, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы анықталған бұзушылықтардың тізбесін және оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, нұсқама шығарады. Кеме құжаттары болмаған кезде және шағын көлемді кемені пайдалану қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайларда, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы шағын көлемді кеменің (құрамының) қозғалысына тыйым салады, бұл туралы кеме жүргізушісі кеме иесіне хабарлайды.

Шағын көлемді кемені қарап тексеру актісі мен нұсқама уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша екі данада жасалады және оларға уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы мен кеме жүргізушісі қол қояды. Кеме жүргізушісі шағын көлемді кемені қарап тексеру актісіне немесе нұсқамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, бас тартудың мәлімделген себептері көрсетіле отырып жазба жасалады.

Шағын көлемді кемені қарап тексеру актісінің және нұсқаманың бірінші данасы – кеме иесінде, екіншісі – уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде сақталады.";

7) 28-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Кеме иесі шет мемлекеттің портында кемесінің ұсталғандығы туралы өзіне мәлім болған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде бұл туралы Порттың теңіз әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының консулдық мекемесіне жазбаша хабарлауға міндетті.

Хабарламада:

1) кемені сәйкестендіретін деректер (кеменің атауы, порт немесе оның тіркелген орны, тіркелім нөмірі, кеменің түрі мен сыныбы, тоннажы);

2) кеменің меншік иесінің атауы;

3) жүктің түрі мен саны;

4) ұсталған уақыты, күні мен мән-жайы;

5) ұстау себебі, сондай-ақ кемені ұстаумен байланысты өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.";

8) 31-баптың 1-тармағында:

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) кеме иесіне авариялық жағдай туралы хабарлауға және Кемелер ұшыраған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес кеме не оның экипажы бірінші қазақстандық портқа келгеннен кейін:

бір тәулік ішінде порт капитанына авариялық жағдай туралы мәлімдеме мен техникалық акт ұсынуға;

үш тәулік ішінде порт капитанына авариялық жағдай туралы толық хабарламаны, кеме құжаттарынан үзінді көшірмелерді, қатысы бар адамдар мен куәлердің түсініктемелерін беруге;

қажет болған кезде өздігінен жазатын құрал таспаларын, олардың мағынасы таратылып жазылған шифрларын, жүзу жолы көрсетілген жол картасын, маневрлеу схемасын, зақымданулардың схемалары мен сызбаларын, басқа да қажетті құжаттарды табыс етуге;

ерекше жағдайда, егер кеме ашық теңізде ұзақ уақыт бойы қалуға тиіс болса және қайтыс болған адамның мәйітін сақтау мүмкін болмаса, теңіз дәстүріне сәйкес тиісті актіні жасай отырып, қайтыс болған адамның мәйітін теңізге жіберуге міндетті.";

мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"17) Порттың теңіз әкімшілігіне Қазақстан Республикасының аумақтық суларында анықталған ластану туралы хабарлауға;

18) Порттың теңіз әкімшілігіне Қазақстан Республикасының аумақтық суларының ластануына әкелген немесе осындай ластану қаупін төндірген, өз кемесімен болған тосын оқиға туралы хабарлауға міндетті.

Тосын оқиға:

мұнайдың, зиянды заттардың және олар құрамында бар сулардың кез келген себеп бойынша және кез келген түрде және қаптамада төгілуіне не төгілу мүмкіндігіне;

соқтығысуды, қайраңға тұрып қалуды, өртті, жарылысты, конструкцияның бұзылуын, суға батуын және жүктің жылжуын қоса алғанда, кеменің қауіпсіздігіне әсерін тигізетін, сондай-ақ рөлдік тетіктің, күш қондырғысының, электрмен қамтамасыз ету жүйесінің зақымдануын немесе бұзылуын және жүзуді қамтамасыз ету үшін басқа кеменің қосымша көмегінің қажеттігін қоса алғанда, теңізде жүзу қауіпсіздігінің нашарлауына әкелетін, ұзындығы 15 метр немесе одан да көп кеменің

10) уәкілетті органнан кемеңің адам өміріне және денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, қоршаған ортаға зиян келтіру мүмкіндігі туралы ақпарат болса, міндетті түрде қарап тексеруге жатады.

Кемеңің қарап тексеру нәтижелері бойынша кемеңің қарап тексеру актісі жасалады.

Кемеңің теңіз портынан шығуына рұқсат беруден бас тарту үшін негіз болып табылатын қауіпсіздік талаптарының бұзушылықтары анықталған жағдайда, порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы ресімдейді. Нұсқама екі данада жасалады, олардың біреуі кемеңің капитанына немесе оны ауыстыратын адамға беріледі.

4. Кемеңің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге кедергі болатын анықталған бұзушылықтардың жойылғанын тексеру мақсатында порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемеңің бақылап, қарап тексереді.

Бақылап, қарап тексеру нәтижелері бойынша кемеңің қарап тексеру актісі жасалады .".

10) мынадай мазмұндағы 41-1-баппен толықтырылсын:

"41-1-бап. Теңіз портында шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуші кемелерді бақылау және қадағалау

1. Теңізге шығатын кемелерді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезінде Порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы:

- 1) кеме құжаттарының болуын және олардың қолданылу мерзімдерін;
- 2) кемеңің негізгі сипаттамаларының кеме құжаттарына сәйкестігін;
- 3) кеме экипажын жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуын тексереді.

2. Кеме құжаттары болмаған немесе кемеңің теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын қанағаттандырмайтынына жеткілікті негіздер болған кезде порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемеңің қарап тексереді.

3. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуші кеме мынадай жағдайларда:

- 1) Қазақстан Республикасының портына ол бірінші кірген;
- 2) осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, егер порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы оны соңғы қарап тексерген күннен бастап алты және одан да көп ай немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартында белгіленген өзге де кезең өтсе;

3) егер кеме соқтығысуға қатысушы болса, портқа жүру жолында жерге тисе немесе қайраңға тұрса;

4) кемеңің Қазақстан Республикасының аумақтық суларын болжалды ластауы туралы ақпарат болса;

5) егер кемеңің сыныбы алдындағы алты ай барысында қауіпсіздік тұрғысында тоқтатыла тұрса немесе алып қойылса;

6) егер кеме ретсіз немесе қауіпті тәсілмен маневр жасаса не адамдарға, мүлікке немесе қоршаған ортаға қауіп төндіретін өзге де тәсілмен басқарылса;

7) егер кемеңің конструкциясы мен жабдықталуы жөніндегі міндетті куәліктерді, сондай-ақ сыныптау куәліктерін уәкілетті орган танымаған ұйым берсе;

8) порттың теңіз әкімшілігінің немесе шет мемлекеттердің теңіз биліктерінің теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын сақтау, теңізде адам өмірін сақтау және теңіз ортасын ластанудан қорғау бойынша нұсқама орындалмаса, қарап тексеруге жатады.

4. Кемеңі қарап тексеру нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктер көрсетіле отырып, кемеңі қарап тексеру актісі жасалады.

5. Кемеңің теңіз портынан шығуына рұқсат беруге кедергі болатын кемшіліктердің жойылғанын тексеру мақсатында порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы кемеге бақылап, қарап тексеру жүргізе алады.

Кемеңі бақылап қарап тексеру нәтижелері бойынша кемеңі қарап тексеру актісі жасалады.

6. Егер анықталған кемшіліктер теңіз портында жойылуы мүмкін болмаса, онда порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы, егер кемеңің басқа теңіз портына қауіпсіз жету үшін қажетті жағдайлар анықталса, кемеге басқа теңіз портына баруына рұқсат етеді. Бұл ретте, порттың теңіз әкімшілігінің лауазымды адамы келесі кіру теңіз портының және ту мемлекетінің құзыретті органы хабардар екеніне көзін жеткізуі тиіс.

11) мынадай мазмұндағы 7-1-тараумен толықтырылсын:

"7-1-тарау. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру

44-1-бап. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру

1. Халықаралық су мен Қазақстан Республикасының аумағындағы сулардағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуші, сондай-ақ шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуші кемелермен авариялық жағдайлар Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде міндетті тергеп-тексеруге жатады.

2. Авариялық жағдайды тергеп-тексерудің мақсаттары авариялық жағдайдың туындау себептерін және (немесе) ілеспе факторларын анықтау, оларды алдын алу мен теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

3. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеруді уәкілетті орган құрған, өз әрекеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) стандарттарына сәйкес жүзеге асыратын комиссия жүзеге асырады.

4. Тізбесі Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларында белгіленген авариялық жағдайлардың жекелеген түрлерін кеме иелері (

теңіз саласындағы ұйымдары) тергеп-тексереді. Тергеп-тексеру аяқталған соң кеме иесі (теңіз саласындағы ұйымдар) материалдарды уәкілетті органға және порттың теңіз әкімшілігіне (ПТӨ) ұсынады.

5. Жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар авариялық жағдайларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның сұрау салуы бойынша жүргізілген тергеп-тексеруге қатысы бар ақпаратты және (немесе) құжаттаманы ұсынуға міндетті.

6. Авариялық жағдайларды тергеп-тексеру Қазақстан Республикасының құқық қорғау, арнаулы және өзге де мемлекеттік органдары жүргізетін тергеп-тексерулерден тәуелсіз болып табылады.

44-2-бап. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл

1. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамында авариялық жағдайды тергеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тапсырылған уәкілетті органның лауазымды адамы болып табылады.

2. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл авариялық жағдай болған жерде және тергеп-тексеру процесінде авариялық жағдайды тергеп-тексеруді және онымен байланысты барлық аспектілерді жоспарлайды, ұйымдастырады, жүргізеді және үйлестіреді.

3. Тергеп-тексеруді жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, басқа мемлекеттік органдардың тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдің қызметіне араласуға жол берілмейді.

4. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл:

1) тергеп-тексеруді жүргізудің тәуелсіздігін және объективтілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ өзінің тергеп-тексеруге қатысты дәлелдемелерінің жоғалуын немесе өзгертілуін болғызбау үшін басқа мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау жоспарын құруға;

2) авариялық жағдай болған жерге және кемеңі пайдалануға, оған қызмет көрсетуге және жүзуін қамтамасыз етуге тартылған персоналға байланысты барлық құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге, оқиға орнын, объектілер мен сынықтарды, қосалқы бөлшектерді және авариялық жағдайдың туындауына себепші болып табылатын немесе ықпал етуі, әсер етуі мүмкін кез келген басқа объектілерді қарап-тексеруді және одан әрі зерттеп-қарауды жүргізуге;

3) көзімен көргендерден, персоналдан және авариялық жағдайға қатысы бар басқа да адамдардан сұрауға, авариялық жағдайдың себептерін және (немесе) ілеспе факторларды анықтау үшін қажетті зерттеулер мен сынақтар жүргізуді тағайындауға;

4) жұмыстарға сарапшыларды тартуға, олардан авариялық жағдайды тергеп-тексеруге қатысты есептерін сұратуға;

5) авариялық жағдай болған жерге жүру жолында кеме капитанының және (немесе) кеме иесінің келісімі бойынша кемеде болуына құқылы.

5. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген авариялық жағдайды тергеп-тексеру жөніндегі өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындауға;

3) авариялық жағдай болған жерге келуге, авариялық жағдайды тергеп-тексеруді ұйымдастыруды және жүргізуді Қазақстан Республикасының заңнамасына және Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) стандарттарына сәйкес жүзеге асыруға;

4) Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларында белгіленген нысан бойынша авариялық жағдайды тергеп-тексеру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге өкілеттік беретін тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл куәлігінің болуына;

5) кәсіптік деңгейін және біліктілігін сақтау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мезгіл – мезгіл оқудан өтуге міндетті.";

12) 72-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тасымалдау кезінде жүктің толық сақталуын қамтамасыз ету үшін ыдысқа салуды және буып-түюді қажет ететін жүктер, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес буып-түйілген қауіпті жүктер, тасымалдау үшін жарамды ыдысқа салынып және буып-түйіліп берілуге тиіс. Ыдыс және буып-түю техникалық регламенттерде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген қауіпсіздіктің міндетті талаптарына сәйкес болуға тиіс."

4. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 100, 101-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-I, 65-құжат):

1) мазмұнында:

17-1-баптың мынадай мазмұндағы тақырыбымен толықтырылсын:

"17-1-бап. Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды сертификаттау";

41-1-баптың мынадай мазмұндағы тақырыбымен толықтырылсын:

"41-1-бап. Жүктерді жүк таситын және мамандандырылған автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнайы автомобильдермен қызметтер көрсету бойынша қызметті тіркеу";

2) 1-бапта:

8-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) автомобильмен тасымалдаушы (бұдан әрі – тасымалдаушы) – жолаушыларды, багажды, жүктерді және пошта жөнелтілімдерін тасымалдауды жүзеге асыру үшін меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралын пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 23-3) тармақшамен толықтырылсын:

"23-3) сертификаттау орталығы – электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүргізетін көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропалық келісімінің (ЕСТР) ережелеріне сәйкес цифрлық сертификаттауды жүзеге асыратын заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 25-4) тармақшамен толықтырылсын:

"25-4) таксимен тасымалдау – жеңіл автокөлікпен жолаушылар мен багажды тасымалдау бойынша ақылы немесе жалдау арқылы көрсетілетін қызмет;"

3) 7-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шағын автобустармен жолаушылар тасымалдауға кемінде жиырма бір жастағы, "D1" кіші санатына жататын көлік құралдарын басқару құқығы бар және кемінде үш жыл жүргізушілік жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде бір жыл "C" санатына жататын көлік құралдарын басқару өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жүргізушінің орнынан басқа, отыратын орындарының саны он алтыдан асатын автобустармен және троллейбустармен жолаушылар тасымалдауға жиырма бес жасқа толған, кемінде бес жыл жүргізушілік жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде үш жыл "D1" кіші санатына жататын көлік құралдарын басқару өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.";

4) 11-бап мынадай мазмұндағы 4, 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Уәкілетті органның лауазымды адамдарының талабы бойынша автокөлік құралын тоқтату негіздері:

1) ірі габаритті, ауыр салмақты және қауіпті, оның ішінде арнайы автоматтандырылған өлшеу құралымен белгіленген жүктерді қоса алғанда, осы Заңның және (немесе) жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау қағидаларының талаптарын бұзуы;

2) шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралының өтуі;

3) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралы арқылы дұрыс өтпеу;

4) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде жүк таситын және мамандандырылған автокөлік құралдарымен жүктерді тасымалдау, сондай-ақ арнайы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеудің болмауы;

5) құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдармен бірлескен іс-шаралар өткізу болып табылады.

5. Уәкілетті органның лауазымды адамына осы баптың 4-тармағында көзделмеген негіздер бойынша автокөлік құралын тоқтатуға тыйым салынады.

6. Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдары арқылы өту тәртібі Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану қағидаларында айқындалады.";

5) 15-баптың 1-тармағында:

4) тармақшадағы "тұлғалардан сұратуға құқығы бар" деген сөздер "тұлғалардан сұратуға;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен техникалық құралдарды көліктік бақылау органдары қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылықтар мен іс-қимылдар жасау фактілерін тіркеу үшін пайдалану құқығы бар.";

б) мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды сертификаттау

Электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды сертификаттауды сертификаттаушы орталық Еуропалық комиссияның бас сертификаттау орталығының цифрлық сертификатын қолдана отырып, Қазақстан Республикасының халықаралық шартының ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.";

7) 19-7-бапта:

бірінші бөлікте:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) автокөлік құралы керек-жарағының автокөлік құралындағы тахографтың болуы және жарамды болуы бөлігінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптарына сәйкестігін бақылау;"

12) және 13) тармақшалар алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарында осы баптың бірінші бөлігінің 2) (лицензияның болуын бақылау бөлігінде), 4), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген бақылау функцияларын уәкілетті орган және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.";

8) 19-10-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Отандық автокөлік құралдары рұқсат беру бланкілерімен алмасу жүргізілген шет мемлекеттерге барған жағдайда тасымалдаушы берілген өтінімдер негізінде

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүруі үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган беретін тиісті шетелдік рұқсат беру құжаттарын ала алады.

Әрбір автокөлік құралына жеке рұқсат беру құжаты беріледі.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тасымалдаушының оған берілген шетелдік рұқсат беру құжаттарын басқа тасымалдаушыға беруіне жол берілмейді.

Егер бөлінген шетелдік рұқсат беру құжаттарының саны тасымалдаушылар берген өтінімдердің жалпы санынан аз болған жағдайда, шетелдік рұқсат беру құжаттарының бланкілерін тасымалдаушылар арасында бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Отандық тасымалдаушылардың жолаушылар мен багажды жүйелі халықаралық тасымалдауларын рұқсат құжаттарын беру Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.";

9) 26-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Таксимен тасымалдаушы болып табылмайтын өзге тұлға құратын ақпараттық-диспетчерлік такси қызметі таксимен тасымалдауды жүзеге асыру үшін таксимен тасымалдаушылар тізіліміне енгізілген ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету бойынша шарт жасасады, сонымен қатар интернет арқылы жасасқан автокөлік құралын экипажымен жалға алу шартымен таксимен тасымалдауды жүзеге асыратын және таксимен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде таксимен тасымалдаушы осы баптың 2-тармағының 3), 5) және 8) тармақшаларының талаптарын орындаған жағдайда қызметтер көрсетеді.

Тасымалдау интернет арқылы автокөлік құралын экипажымен жалға алу шартымен жүзеге асырылатын таксимен тасымалдауға жатады.";

10) 37-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Дара кәсіпкер немесе заңды тұлға халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдары жүргізушілерін арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастар алдында " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органға белгіленген нысанда хабарлама жіберуге міндетті.";

11) 38-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"38-1-бап. Жүктерді өзі аударғыш автомобильмен тасымалдау

Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары арқылы рұқсат етілген барынша массасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген автокөлік құралының

жол берілген массасынан асатын уәкілетті орган белгілеген автокөлік құралдарының жол беретін параметрлерінен массасы және (немесе) осьтік жүктемелері бойынша артық, өзі аударғыш автомобильмен жүктерді тасымалдауға жол берілмейді.";

12) мынадай мазмұндағы 41-1-баппен толықтырылсын:

"41-1-бап. Жүктерді жүк және арнайы бейімделген автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тіркеу

Тасымалдаушының жүктерді жүк және арнайы бейімделген автокөлік құралдарымен тасымалдау, сондай-ақ арнаулы автомобильдермен қызметтер көрсету жөніндегі қызметті уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде тіркеу құқығы бар.";

13) 43-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шет мемлекетке шығу немесе шет мемлекеттен кіру жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасы облыстарының елді мекендері арасында отандық тасымалдаушылардың жолаушылар мен багажды тасымалдауын қоспағанда, жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста жүйелі тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттердің арасында жолаушылар тасымалдауға тыйым салынады.";

14) 45-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Шет мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдары межелі пункттен Қазақстан Республикасының аумағына халықаралық жүк тасымалын жүзеге асыру кезінде кедендік шекарадан өткеннен кейін мемлекеттік кірістер органдарының идентификаттау құралдары пайдаланылып өткізіледі.

Идентификаттау құралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды пайдалану тәртібін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.".

5. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 4,7-құжат):

1) 1-баптағы 10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) кеме – шағын көлемді кеме болып табылмайтын, ішкі суларда жүзетін кеме, кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын өздігінен жүзетін немесе өздігінен

жүзбейтін жүзбелі құрылғы, оның ішінде "өзен-теңізде" жүзетін кеме, паром, техникалық флот кемесі (су түбін тереңдетуші және су түбін тазартушы снарядтар, жүзбелі кран және басқа да осы сияқты техникалық құрылғылар);";

2) 9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 26-31) және 26-32) тармақшалармен толықтырылсын:

"26-31) мемлекеттік техникалық флот кемелерінің жанар-жағар май материалдарын (заттай көріністегі) жұмсау нормаларын бекіту;

26-32) суға батқан мүлікті көтеру құнын айқындау әдістемесін бекіту;";

3) 17-баптағы 17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) қайта жабдықтау салдарынан кеменің техникалық деректері өзгерген жағдайда шағын көлемді кемелерді қайта тіркеуді жүргізу;";

4) 17-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қарап тексеру кеменің (оның ішінде шағын көлемді кемелердің) (оның мемлекеттік тіркелген орнына қарамастан) және экипаждың кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қауіпсіз пайдалануды регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі. Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) қарап тексеру капитанның немесе бірінші штурманның (капитанның аға көмекшісінің) және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушісінің қатысуымен тұрақта да, қозғалыс кезінде де жүргізілуі мүмкін.

Ішкі суларда жүзетін кемелерді және шағын көлемді кемелерді қарап тексеру навигацияаралық кезеңнен кейін, ал "өзен-теңізде" жүзетін кемелері – теңізде пайдаланғаннан кейін, олар ішкі су жолдарына кірген кезде жүргізіледі.

Кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді) бақылап, қарап тексеру навигация кезеңінде екі айда бір реттен жиі емес немесе көлік оқиғасы болған кезде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Шағын көлемді кемелерді қарап тексеру кезінде мыналар тексеруге жатады:

1) кеме билеті;

2) шағын көлемді кемені басқару құқығына куәлік – өздігінен жүзетін шағын көлемді кемелер үшін;

3) техникалық куәландырудан өтуі – шағын көлемді кемелер үшін;

4) жолаушылар сыйымдылығы және жүккөтергіштігі, жүзу ауданы мен шарттары бойынша шектеулер, шағын көлемді кемеде жолаушылар мен жүктердің дұрыс орналастырылуы нормаларының сақталуы;

5) құтқару, өртке қарсы және су төгетін құралдардың болуы;

6) борттарда тіркеу нөмірлерінің болуы;

7) тұрған жеріне қарамастан кеме корпусының өтпелі ойығының болуы, кеменің гермобөлімдері және (немесе) әуе жәшіктерінің болмауы немесе ашылып кетуі;

8) рөлдік құрылғыны бекіту бөлшектерінің көзделген конструкциясының болмауы немесе оның құрамдас бөлшектерінің бұзылуы, оның жұмысының сенімділігін қамтамасыз етпеуі;

9) отын ағуының, дірілдеудің болуы, дыбыс бәсеңдеткіштің болмауы немесе ақауының болуы, қозғалтқышты қашықтықтан басқару жүйесінің бұзылуы, реверс-редуктордың сенімді қосылуының (қосылмауының) қамтамасыз етілмеуі, реверс қосылған кезде қозғалтқышты (моторды) қосу бұғаттауышы ақауының болуы;

10) кемені жиынтықтау мен жабдықтаудың кеме типіне сәйкес келуі;

11) ерекшелік оттарының болмауы, ақау болуы немесе сәйкес болмауы;

12) кеменің белгіленген сыныбына сәйкес келетін бассейндерде (аудандарда) кемені пайдалану;

13) рөлдік, сигналдық, зәкірлік және арқандап байлау құрылғыларының болуы және жарамдылығы;

14) орнатылған қозғалтқыштың ең жоғарғы қуатының сәйкестігі тексерілуге жатады

5. Шағын көлемді кемені қарап тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы шағын көлемді кеменің атауын (нөмірін) және тіркеу нөмірін, кеме иесін (кеме жүргізушісін), қарап тексеру күнін көрсете отырып, шағын көлемді кемені қарап тексеру актісін жасайды. Заңнаманың бұзушылығы анықталған жағдайда, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы анықталған бұзушылықтардың тізбесін және оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, нұсқама шығарады. Кеме құжаттары болмаған кезде және шағын көлемді кеменің қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайларда, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы шағын көлемді кеменің (құрамның) қозғалысына тыйым салады, бұл туралы кеме жүргізушісі кеме иесіне хабарлайды.

Шағын көлемді кемені қарап тексеру актісі мен нұсқама уәкілетті органмен бекітетін нысан бойынша екі данада жасалады және оларға уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамы мен кеме жүргізушісі қол қояды. Кеме жүргізушісі шағын көлемді кемені қарап тексеру актісіне немесе нұсқамаға қол қоядан бас тартқан жағдайда, бас тартудың мәлімделген себептері көрсетіле отырып жазба жасалады.

Шағын көлемді кемені қарап тексеру актісінің және нұсқаманың бір данасы – кеме иесінде, екіншісі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде сақталады.";

5) 23-баптың 1-1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кеме билеті";

6) 29-баптың 1-тармағында:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Заңның 24-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкес болмай қалған;"

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) кеме иесінің ауысуына байланысты кеме шығарылуға тиіс."

6. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 43-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 жылғы 15 маусымдағы "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 40-1) тармақшамен толықтырылсын:

"40-1) механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінің операторы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен анықталған және механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесін жүргізуді, дамытуды, интеграциялауды және сүйемелдеуді жүзеге асыратын акционерлік қоғам;"

2) 11-бап мынадай мазмұндағы 5-5) тармақшамен толықтырылсын:

"5-5) механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыратын мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптарды бекітеді;"

3) 54-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мыналарды:

көлік құралын басқару құқығын беретін жүргізуші куәлігін не жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжатпен бірге жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлікті;

көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті не көлік құралына меншік құқығы туралы куәландыратын құжатты;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисін және (немесе) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисін;

жол парағын, алып жүретін жүкке арналған құжатты (тауар-көліктік жүкқұжатын) және көлік құралына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де

құжаттарды өзімен бірге алып жүруге және ішкі істер органдарының, көліктік бақылау органдарының және мемлекеттік кірістер органдарының уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының талабы бойынша оларға тексеру үшін беруге,";

4) 88-бап:

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу тәртібі Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруді ұйымдастыру және жүргізу, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруден өткізу кезенділігі қағидаларында айқындалады.";

мынадай мазмұндағы 14-тармақпен толықтырылсын:

"14. Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінің операторы:

механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесіндегі мәліметтердің дұрыстығы мен қорғалуын;

уәкілетті орган және көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне қол жеткізуін;

механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері иелерінің дербес деректері туралы мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етеді."

2-бап.

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

1-баптың 4-тармағының 4) тармақшасы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*